

Академик Е.БӨКЕТОВТІң туғанына – 90 жыл

ҚазКСР Ғылым академиясының академигі, КСРО мемлекеттік сыйлығының иегері, тағы да басқа толып жатқан лауазымдардың иесі Евней Арыстанұлы БӨКЕТОВТІ кім білмеген кезінде. Мен ол кісімен Шымкентте Қазақ химия-технологиялық институтында кафедра меңгерушісі болып жүрген кезімде таныстым. Мен басқаратын кафедраны көріп, ғылыми жұмыстарыма қызығушылық танытты. Сөйтсем, ол кісі мамандығы металлург бола тұра, электрохимиялық тәсілдермен металдарды өндіру процестерін зерттеушілерді де қатты қолдайды екен. Онысын кейін жолым түсіп, Қарағандыға қызметке барғанда толығырақ білдім.

Одан кейін біз 1981 жылы қаңтар айында Мәскеуде кездестік. Мен докторлық диссертациямды қорғап жүр едім. Қасымда жүрген достарымның біріне көшеде жолығып қалып, жөн сұрасып, жағдайды білгеннен соң, менің қонақүйдегі номерімді сұрап алып: «Өзім кіріп, құттықтап шығайын», – депті. Ондай үлкен кісіні келтіріп әурелегенше, өзіміз кіріп шығайық деп достарымның біреуін ертіп алып, Евней ағаның номеріне бардық. Қасында әйгілі ақын, ірі мемлекет қайраткері Кәкімбек Салықов отыр екен (ол кезде КОКП Орталық комитетінде істейтін). Амандасып болған соң, Ебекең Кәкімбек ағаға қарап: «Міне, Кәке, қазақтың тағы бір баласы Москваға келіп, орыстардың өздерін ығыстырып, бірауыздан докторлық диссертациясын қорғап, бәрін мойындатып, елге қайтып барады. Біздің жігіттер мықты ғой», – деді. Кәкімбек аға да әңгімені жалғастырып, біраз қыздырды. Шай ішіп, қош айтысып қайттық.

Екі жыл өтпей-ақ, өзімнің ұстазым Зейнолла Молдахметовтің шақыруымен сол кездегі Қазақстанның екі университетінің бірі – Қарағанды мемлекеттік университетіне проректор қызметіне ауысып бардым. Бұл қыстығыңи болатын, қараша айының соңы, күн суық. Бір күні жұмыс аяғында маған Ебекең телефон соқты. Әдетте мен жұмыстан кеш шығатынмын, өйткені, кейбір күрделі мәселелерді күндізгі қарбаласта ойланып шешуге уақытың болмайды. «Біз сені қонақүйден іздеп жүрсек, жұмыста отыр екенсің ғой. Өзің білесің, қазақта ерулік беру деген болады. Соған мына жеңгең дайындалып жатыр. Оған қалай қарайсың?», – деді. Осылайша басталып, кейін отбасымызбен достасып, араласып кеттік. Үйге келгенде Ғалымжан атты кіші баламмен қазақша сөйлесетін. «Әй, Мұрат, мына балаң тура ауылдың шынайы, бұрынғы тілімен сөйлейді екен», – дейтін.

Ауа райы жақсы болса, тамақтан кейін Ебекең далада жүріп әңгімелескенді ұнататын. Егер, жоғары мәдениетті түрде айтылса, әзілдескенді де ұнататын. Ал, өзі негізінен ғылым туралы, ел болашағы туралы, тарихи мәселелер туралы терең әрі тың, айтылмаған деректер келтіретін. Бір күні денсаулығына байланысты ауруханада жатқанын естіп, көңілін сұрауға бардым. Біраз әңгімелескеннен кейін: «Мұрат, сенің ғалымдығыңды пайдаланғым келіп тұр. Өтініш қой», – деп бастады. Ебекеңді ерекше сыйлайтынымды өзі де білетін, әрине, тапсырмасына дайын екенімді айттым. Жастығының астынан қалың кітапты алды, аты (есімде қалғаны): «Путеводитель для русской экспедиции по Средней Азии и Алтаю», Петербург, 1895 год». Ебекең сөзін жалғады: «Осы кітапты 1 ай мерзімге сұрап алып едім, уақыты өтіп барады, қайтаруым керек. Оқын десем мына дәрігерлер оқытпайды, ренжимін ғой. Осы кітапты саған берейін, сол 1890 жылдары Қазақстанның қазіргі территориясында қазақ халқының саны қанша болды, мал басы қай шамада болды екен? Осы мәліметтерді біліп берші, кітапты қайтарайын», – деді.

Кітапты үйге алып келіп, түнімен

Орны толмас Ғұлама Ғалым



оқыдым, қызығып кеттім. Бұл Ресей империясының барлау кітабы сияқты, әрбір өзен бойында не бар, не жоқ, оның суы қай кезде қатып, мұзы атты адамды көтере ме, қай кезде мұз ериді, өткел тұстары, қанша ауыл бар, қанша түтіні (үйлері) бар, қанша малы бар – тек ірі қара мал (қойлар, ешкілер саны көрсетілмеген) туралы деректер берілген. Санақ оңай болған жоқ, өйткені, советтік Қазақстан территориясы әлдеқайда аз, бұрынғы қазақ қоныстары – Орынбор, Омбы, Алтай кірмейді. Географиялық ескі картаны Қазақ ССР-і картасымен салыстыра отырып санадым, 3 күннен кейін бітірдім. Халық саны 9 миллионға жуық, ал ірі қара мал саны 70 миллионға шамалас (жылқы, сиыр, түйе) болып шықты. Бір блокнотқа толтырып жазып, апарып бердім, қуанып қалды. «Апырай, сол тоғыз миллионның сегізі өзіміз болғанымыздың өзінде қандай ірі ел болғанбыз – қазақ халқы. Ал, ірі қара мал басының 70 миллион болғанына еш күмәнім жоқ. Кешегі 1920 және 1930-1932 жылдардағы ашаршылық кезінде мал түгіл адамдардың тең жартысы қырылып кетті ғой», – деді. Ол кезде отызыншы жылдардың басындағы Қазақстанда, Украинада және орыс қазачествосы тұратын өңірлерде қолдан жасалған аштық («голодомор») орын алғандығы туралы мәлімет жасырын болатын. Сонымен қатар, 1937 жылы Сталин басқарған компартияның «кіші ұлттардың» оның ішінде, қазақтардың көзі ашық зиялы қауым өкілдерін баудай түсіріп, қырғынға ұшыратқаны да жабық болатын. Сталин алдымен Голощекинге Қазақстанды басқартып, қазақтың кем дегенде үштен бірін аштықпен қырғызды, үштен бірі басқа елдерге қашты, үштен бірі ғана қалды. 1937 жылдары қазақтың көзі ашық, білімі бар зиялы қауымын да қырып салды. Бұл істі Мирзоянның қолымен жасады. 1941 жылы немістермен соғыстың алдында бұл екі жендеттің екеуін де Берияға атқызып тастады. Олар немістердің қолына түсіп қалса, Сталиннің «құпия» бұйрықтар бергенін айтып қоюы мүмкін еді. Ебекең осы мәліметтерге сол 80 жылдары қанық болған сияқты еді...

Академик Е.Бөкетов қазақтың нағыз сегіз қырлы, бір сырлы дейтін таланты асқар таудай ірі тұлғасы болатын. Сондықтан, Ебекеңнің айналасында тек

қана металлургия, химия саласындағы ғалымдар ғана емес, ақындар, жазушылар да көп жүретін. Өйткені, Ебекең ірі ғалым әрі талантты жазушы болды. Орыстың әйгілі химик-ғалымы әрі «Князь Игорь» операсын жазған композиторы А.Бородин сияқты. Артық болмаса, кем емес. Ебекеңнің жақын достарының бірі – қазақтың ұлы жазушысы Ғабит Мүсірепов болатын. 1983 жылы тамыз айында Ебекеңнің шақыруымен Қарағандыға Ғабіт келді. Бәріміз күтіп алып, қастарында жүрміз. Бір отырыста кешкі асты ішіп болған соң, Зәрубай деген досымыз домбырамен өлең айтып отырды. Оның өлеңдерінің ішінде бірі – күлкілі өлең, адамның 15 жастан 100 жасқа дейінгі өмірінің әр кезеңін сипаттайды, 60-70-ке дейін бәрі дұрыс, әрі қарай қартайған адамдардың 80, 90 және 100 жастағы көңіл-күйлері мезі жағдайларын оңдырмайды, қыран-топан күлкіге айналдырады. Бір уақытта Зәрубай қыз-қыз келіп, әлгі өлеңін бастап кеп жіберді. Өне-міне дегенше 50-60 жастағыларға келіп қалды, жұрт ду-ду күліп отыр. Бір уақта Ебекең маған сыбырлап: «Мұрат, ана Зәрубайды осы жерден тоқтат, 80-ге жеткізбе», – деді. Түсіне қойдым, Ғабітнің сексеннен аса бастаған кезі еді бұл. Ал, Зәрубай ымдағанға тоқтар емес, әйтеуір, дастарқан жайылған үстелдің астынан түрткілеп жүріп, 70 жастағыларға келген жерінде ғана Зәкеңді тоқтаттық-ау, әйтеуір...

Сол жолы Ебекең мен Ғабіт Қарқаралыда, көлдің жанындағы «Шахтер» дейтін демалыс үйінде демалды. Университет ректоры Зейнолла Молдахметов өзі ұйымдастырып, қастарында 1-2 күн болып, қайтып келді. Жұмыс кезі, бос уақыты жоқ. Содан соң мені кабинетіне шақырып алып, Алмас деген жігітпен таныстырды. Бір шахтаның бас инженері екен. «Мұрат, мен енді шыға алмаймын, қасыңа мына Алмас пен өзіміздің Болат Көкеновті (университеттің проректоры, шаруашылық жұмыстары бойынша) ертіп, ана Қарқаралыда демалып жатқан ағаларымызға аптаның аяғына дейін барып қайтсаң қалай болады?» – деді. Мен, әрине, қуана қабыл алдым, оның үстіне Қарқаралыда орналасқан университеттің спорттық базасында да біраз жұмыстар бар еді.

Сонымен Ебекең, Ғабіт жұбайымен (Ғазиза апай) және біз үшеуіміз бір апта бірге демалдық. Қарқаралының табиғаты қандай тамаша! Күндіз қыдырамыз, одан соң преферанс ойнаймыз. Мен бұл ойынға онша қызықпаймын, сондықтан, нашар ойнаймын. Ебекең мен Ғабіт шамалас, бірақ, менен жақсы ойнайды. Ал, Алмас пен Болат өте жақсы ойнай біледі. Мен оларға «Мені ұтып алсаңдар мейлі, бірақ, ана кісілерді ұтпайсыңдар», – деп қойғанмын. Содан Ғабіт мен Ебекең ылғи ұтып шығады, көңілдері көтеріңкі. Бізге де керекі сол ғой. Бір күні Ебекең маған: «Мына жігіттерің жақсы адамдар екен, көрініп тұр. Бірақ, кейде әдейі ұтылып жатқандай көрінеді. Айттып қойсайшы, байқап, шындап ойнаған сияқты ойнасын, Ғабіт байқап қойса, ренжіп қалады», – деді. Мен бұл сөздерді түсікі тамақ кезінде Алмас пен Болатқа айттым. Тағы да картаға отырдық. Мен Ебекең екеуіміз бір қол боп ойнаймыз. Сол сөздерді айтуым мұң екен, Алмас пен Болат бізді сыпырып ұтып алды. Кешкі асқа бардық. Ғабітнің көңіл-күйі онша емес. Мен Алмасқа: «Мұның не?» – десем, – «Өзің айтқан жоқсың ба шындап ойна деп», – деді. «Ештеңе етпес, қазір қайтып ұтыла салам ғой», – деп ішек-сіпесі қатып күлді. Осылайша ойнап-күліп, бір апта бірге жүрдік. Кейде көлді айналып түннің біраз уақытына дейін серуендеп жүретінбіз. Ғабіт өзі қатар жүрген ғұламалар М.Әуезов, С.Мұқанов, сондай-ақ, басқа елдердің ұлы ақын-жазушылары туралы естеліктерін айтады. Ебекең жалпы қазақтың ұлттық сана-сезімін қандай жолдармен сақтап, жаңа заманға сәйкес өрбіту керектігі туралы өзінің терең, естен шықпас пікірлерін айтады. Бұл қандай тамаша десеңізші?!...

Сол жылы желтоқсанның 13 жұлдызында танертең серуендеп жүрген кезінде еліміздің ұлы тұлғасы – аяулы Евней ағамыздың жүрегі тоқтады. Ебекең нағыз ғұлама, ұлы тұлға, асқар таудай биіктігіне өзінің ерекше қарапайымдылығы жарасқан өте қайырымды жан еді. Алла алдынан жарылқасын, артын оңдасын! Оның жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

М.ЖҰРЫНОВ,
ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик.